

## **Қостанай облысының Қостанай қаласы мен Қостанай ауданының шекарасын өзгерту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жыл 8 қаңтардағы N 20

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының Z934200\_10-бабына сәйкес (Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., N 23-24, 507-құжат) Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қостанай қаласының шегіне Қостанай облысы Қостанай ауданының Краснопартизанский селолық округі Амангелді, Аққабак, Васильевка, Геофизик, Ждановка, Кировка, Қонай, Семилетка селоларының құрамында және "Ақсу" акционерлік қоғамы оның жер пайдалану шекарасы шегінде қосылсын.

Қазақстан Республикасы  
Премьер-министрінің  
бірінші орынбасары